

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай - бақшасы»
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

«Жаяу жүргіншілер жолы»
(Кіші топ «Алпамыс» тобының ұйымдастырылған іс – әрекеті)



Тәрбиешілер: Берікбосынова Н.
Сатыбалдиева Б.

Таушық ауылы, 17,11, 2023 ж.

Білім беру дағдысы: Таным.

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Сөйлеуді дамыту. Қоршаған ортамен таныстыру. Таным. Шығармашылық – коммуникативтік. Дене шынықтыру – ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.

Тақырыбы: «Жаяу жүргіншілер жолы»

Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережесімен, жол қауіпсіздігімен, бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Жолда жүру ережесін мұқият сақтауға, жауапкершілік сезімдерін дамыту.

Дамытушылық: Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.

Білімділік: Жаяу жүргіншілер жолының маңыздылығын, бағдаршамның үш түсін танып білуге, жол ережесін сақтай білуге үйрету.

Тәрбиелік: Жаяу жүргіншілерге арналған жолмен жүруге, епті болуға тәрбиелеу.

Әдіс — тәсілі: Әңгімелеу, түсіндіру, ойын, сұрақ — жауап.

Көрнекілігі: бағдаршам, жол белгілері, жол қауіпсіздігі туралы суреттер.

Ұйымдастырылған іс – әрекет барысы:

I. Кіріспе бөлім:

Шаттық шеңбер:

Ал балалар тұрайық.
Алақанды соғайық
Алдыменен бәріміз
Амандасып алайық
Сәлеметсіздер ме!

Сұрақ – жауап:

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Күз мезгілі.

-Күз мезгілінде неше ай бар?

Үш ай бар. Қыркүйек. Қазан. Қараша.

-Күзде ауа-райы қандай болады?

-Салқын. Жел. Жаңбыр жауады.

-Табиғатта қандай өзгерістер болады?

-Ағаштың жапырақтары сарғайып, жерге түседі.

-Күзгі жапырақтардың түсі қандай?

- Қызыл, жасыл, сары.

Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

-Дұрыс айтасыңдар, балалар.

II. Негізгі бөлім:

«Жаяу жүргіншілер жолы» атты ұйымдастырылған іс әрекетінде ақ жолақты жолдың және бағдаршамның қыр – сырымен танысамыз.

Тәрбиеші: Қала көшелерін аралап, қыдырып қайтайық. Жол екіге бөлінеді көлік жолы және жаяу жүргіншілер жолы.

Қазір мен бағдаршамның не үшін керек екенін айтып берейін. Сендер мұқият тыңдап алыңдар. Бағдаршам жол ережелерін реттеуші, бізге жол қиылыстарынан өтуге көмектеседі. Жаяу жүргіншілерді жол апатынан сақтайды. Жолдан өтерде өте мұқият, сақ болу керек. Жолдан жүгіріп өтуге болмайды.

Бағдаршамның үш көзі - үш түрлі. Бағдаршам көздерінің пішіні - дөңгелек болады.

Бағдаршам бар қиылыста адамдар өтетін ақ жолақтар болады. Бағдаршамның қызыл көзі жанғанда көліктер тоқтайды, жаяу жүргіншілер ақ жолақтармен өтеді.

- Ал, ортадағы сары көзі жанса, көліктер дайындалады.

- Ал жасыл көзі жанса, жол ашылады, көліктер жүреді. Бағдаршамның үш көзі жаяу жүргіншілерге және көлік пен жүруге де өте қолайлы, адам өміріне орасан зор. Жол

қиылысында аса абай бол, көшелерде, жолдарда доп ойнауға, қыс мезгілінде шанамен сырғанап ойнауға болмайды. Балалар бағдаршам біздің досымыз, біздің өмірімізді сақтайды. Бағдаршам бізге жолдан өтуге көмектесіңізші?

Бағдаршам: Жарайды достарым мен сендерге көмектесемін.

Тәрбиеші: Қане балалар бағдаршаммен бірге жолдан өтейік.

Бағдаршам: Балалар қызыл түс жанғанда көліктер не істейді?

-Тоқтайды.

-Дұрыс айтасындар. Ендеше жолдан өтейік.

Тәрбиеші: Балалар біз бағдаршам досымыздың көмегімен жолдан өту ережесін үйрендік. Енді қалған түстердің қандай қызмет атқаратынын үйренейік.

Бағдаршам: Сары түс жолға жүруге дайындал, ал жасыл жүре бер дегенді білдіреді. Осыны естеріңізде сақтап жүріңіздер.

Тәрбиеші: Бағдаршам көмегіңізге үлкен рахмет. Сау болыңыз! (Бағдаршаммен қоштасу). Балалар ендеше ойын ойнайық.

Ойын: «Түстерді сәйкестендір» деп аталады. Ойынның шарты: Шеңберлерден секіріп өтіп, қолымыздағы допты өз түсіне сәйкестендіреміз.

Тәрбиеші: Балалар шығармашылыққа дайындаған жол ережесі туралы түсінігімізді әрі қарай жалғастырайық.

Шығармашылық. (Көше жолдары)

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрайық.

Біздер жолға шығайық

Ұзын, қысқа жолдарды

Біліп біздер алайық,

Қызыл жанса — тоқтаймыз,

Сары жанса – дайындал

Жасыл жанса – топ-топ басып жүреміз.

Қорытынды бөлім.

Тәрбиеші:

- Балалар біз кіммен таныстық? / бағдаршам/

- Бізге жолдан өтуге кім көмектесті? /Жаяу жүргіншілер жолынан өтуге бағдаршам көмектесті/

- Бағдаршамның неше көзі бар және түстері қандай атайық? /Үш көзі бар, түстері - қызыл, сары, жасыл./

- Бағдаршамның қызыл түсті жарығы нені білдіреді? /тоқта/

- Бағдаршамның сары түсі жарығы нені білдіреді ? /дайындал/

- Бағдаршамның жасыл түсі жарығы нені білдіреді? /жүр/

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар! Бүгінгі «Жаяу жүргіншілер жолы» атты ұйымдастырылған іс – әрекетіне жақсы қатыстындар!

Сау болыңдар!

